

## Алматы облысының 2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 40-225 шешімі.  
Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 22 желтоқсанда № 2964 болып тіркелді

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 8–бабына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6–бабы 1–тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы "2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2015 жылға келесі көлемде бекітілсін:

1) Кірістер 281 933 952 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша 29 526 326 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша 2 622 808 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер бойынша 12 500 мың теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша 249 772 318 мың теңге, соның ішінде:

аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер 61 044 845 мың теңге;

республикалық бюджеттен түсетін трансферттер – барлығы 188 727 473 мың теңге,

соның ішінде:

ағымдағы нысаналы трансферттер 58 872 401 мың теңге, соның ішінде:

білім беруге 7 997 627 мың теңге;

денсаулық сақтауға 36 847 709 мың теңге;

әлеуметтік көмекке 922 609 мың теңге;

мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға 1 498 074 мың теңге;

елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына

ізвестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға және жүргізуге 411 372 мың теңге;

мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды

мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға 2 174 000 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға 117 001 мың теңге;

азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға 24 356 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық

құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға 381 мың теңге;

жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органның штат санын ұстауға 35 862 мың теңге;

сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға 39 275 мың теңге

мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге 5 325 967 мың теңге;

әкімшілік полиция қызметкерлерінің қосымша штат санын ұстауға 98 040 мың теңге;

қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға 163 891 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігін өтеуге 534 387 мың теңге;

баламасыз ауыз сумен жабдықтау көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға 11 118 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға 2 520 625 мың теңге;

"Моноқалаларды дамыту 2012–2020 жылдар" бағдарламасы шеңберінде ағымдағы шараларды іске асыруға 150 107 мың теңге;

дамытуға арналған нысаналы трансферттер 27 043 927 мың теңге, соның ішінде:

білім беру объектілерін салуға 8 866 789 мың теңге;

денсаулық сақтау объектілерін салуға 3 690 899 мың теңге;

халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге 304 566 мың теңге;

спорт объектілерін дамытуға 262 843 мың теңге

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға 513 734 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға 430 259 мың теңге;

сумен жабдықтау жүйесін дамытуға 1 324 390 мың теңге;

ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға 1 259 948 мың теңге;

коммуналдық шаруашылықты дамытуға 89 506 мың теңге;

газ тасымалдау жүйесін дамытуға 4 000 000 мың теңге;

көліктік инфрақұрылымды дамытуға 705 313 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға 1 366 773 мың теңге;

"Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде қалалардың инженерлік инфрақұрылымын дамыту 365 612 мың теңге;

"Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға" 612 574 мың теңге;

мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға 170 473 мың теңге;

тұрғын үйлерді және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, салу үшін уәкілетті ұйымның жарғылық капиталын қалыптастыруға 3 080 248 мың теңге;

субвенциялар 102 811 145 мың теңге.

2) Шығындар 291 692 627 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру 4 135 020 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 5 285 448 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 1 150 428 мың теңге;

4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо 5 014 274 мың теңге, оның ішінде:

қаржылық активтерді сатып алу 5 014 274 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) (-)18 907 969 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 18 907 969 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" коды бойынша түсімдер 100% мөлшерде Іле ауданының бюджетіне, басқа аудандар мен қалалар бойынша 100% мөлшерде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін түсетіні белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2015 № 49-280 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша түсімдер Іле ауданында 100%, Қарасай ауданында 48% аудандық бюджеттерге, басқа аудандар мен қалалар бойынша 100% мөлшерде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2015 № 49-280 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3-1. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалануға төленетін ақы", "Орман пайдалануға төленетін

ақы" және "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін ақы" кодтары бойынша түсімдер 100% мөлшерде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

**Ескерту. Шешім 3-1-тармақпен толықтырылды - Алматы облыстық мәслихатының 29.10.2015 № 49-280 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

4. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық бюджеттер мен облыстық маңызы бар қалалар бюджеттерінен 60 665 906 мың теңге сомасында бюджеттік алымдар көзделінсін, соның ішінде:

- Іле ауданы бойынша 55 813 370 мың теңге;
- Қарасай ауданы бойынша 3 574 536 мың теңге;
- Көксу ауданы бойынша 1 146 000 мың теңге;
- Қапшағай қаласы бойынша 132 000 мың теңге.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

5. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне және облыстық маңызы бар қалалар бюджеттеріне берілетін субвенциялар 50 503 172 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

А қ с у	а у д а н ы н а	2	4 4 6	7 0 4	м ы ң	т е ң г е ;
Алакөл ауданына		2 316 429			мың	теңге;
Балқаш ауданына		1 944 358			мың	теңге;
Еңбекшіқазақ ауданына		5 188 494			мың	теңге;
Ескелді ауданына		2 430 154			мың	теңге;
Жамбыл ауданына		3 772 882			мың	теңге;
Қаратал ауданына		2 006 461			мың	теңге;
Кербұлақ ауданына		2 796 896			мың	теңге;
Көксу ауданына		2 168 527			мың	теңге;
Панфилов ауданына		3 429 895			мың	теңге;
Райымбек ауданына		3 953 601			мың	теңге;
Сарқан ауданына		2 247 826			мың	теңге;
Талғар ауданына		2 259 012			мың	теңге;
Ұйғыр ауданына		2 909 482			мың	теңге;
Қапшағай қаласына		1 241 945			мың	теңге;
Талдықорған қаласына		8 303 938			мың	теңге;
Текелі қаласына		1 086 568			мың	теңге.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

6. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте 4-қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне білім беру саласын дамытуға 12 123 275 мың теңге, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 8 905 506 мың теңге және облыстық бюджет қаражаты есебінен 4 636 217 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін, соның ішінде:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарға мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыруға – 5

845 950 мың теңге;

"үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге – 1 619 244 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынамалауға – 21 864 мың теңге;

мектептердің күрделі жөндеуіне – 3 727 637 мың теңге;

бала бақшалардың күрделі жөндеуіне – 279 270 мың теңге;

"Балапан" бағдарламасын жүзеге асыруға – 359 468 мың теңге.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

7. Білім беру бойынша 2015 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен 510 569 мың теңге сомасында шығындар қарастырылсын, соның ішінде:

"үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге – 63 636 мың теңге;

техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға – 157 090 мың теңге;

техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға – 289 843 мың теңге.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 20.05.2015 № 45-257; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8. Денсаулық сақтау бойынша 2015 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен 36 847 709 мың теңге сомасында қаражат көзделсін, соның ішінде:

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің қамтамасыз етуі және кеңейтуіне – 30 946 824 мың теңге;

дәрі-дәрмек құралдарын, вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға – 5 888 880 мың теңге;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға – 12 005 мың теңге.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 20.05.2015 № 45-257; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

9. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер есебінен үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға 24 193 мың теңге сомасында қаражат қарастырылсын.

10. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте 5-қосымшаға сәйкес аудандар мен қалалар бюджеттеріне 1 846 414 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін, соның ішінде:

халыққа тұрғын көмегін көрсетуге – 356 747 мың теңге;

облыс әкімі гранттарын төлеуге – 158 591 мың теңге;

естелік күндерге біржолғы көмекке – 686 480 мың теңге;

туберкулездің ауыр түрімен ауыратын науқастарға әлеуметтік пакет беруге – 45 480 мың теңге;

Өрлеу" жобасына – 34 951 мың теңге

Ұлы Отан соғысына қатысқандарға және мүгедектерге тұрғын үй сатып алуға – 251 084 мың теңге;

мүгедектердің өмірін жақсарту және құқықтарын қамтамасыз ету жоспарын іске асыруға – 71 729 мың теңге;

мұқтаж мүгедектерді арнайы гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге – 228 833 мың теңге;

арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге – 12 519 мың теңге.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

11. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 6-қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне 217 246 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 27.08.2015 № 48-274 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

12. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін республикалық бюджет қаражаты есебінен 7-қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне 966 663 мың теңге сомасында кредиттер ескерілсін.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 20.05.2015 № 45-257 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

13. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте эпизоотияға қарсы шараларды жүргізу үшін 8-қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне 1 711 566 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

14. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың (ірі және ұсақ мүйізді малдың) құнын иелеріне өтеу (50 % дейін) үшін 9-қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне 214 568 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

15. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте "Өңірлерді дамыту" бағдарламасы

шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыруға 10-қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне 1 409 464 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 15- тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

16. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте білім беру объектілерінің құрылысына 11-қосымшаға сәйкес, аудандық және қалалық бюджеттеріне 17 944 083 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар және қалалар бюджеттерін дамытуға нысаналы трансферттер қарастырылсын:

12-қосымшаға сәйкес, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға және жайғастыруға 2 950 226 мың теңге сомасында;

13-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қоры тұрғын үйлерінің құрылысына 4 529 249 мың теңге сомасында.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

18. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу және жаңғыртуға 14-қосымшаға сәйкес, аудандық және қалалық бюджеттеріне 8 478 674 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

19. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте коммуналдық шаруашылық объектілерін дамытуға 15-қосымшаға сәйкес, аудандық және қалалық бюджеттеріне 4 618 870 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

20. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте коммуналдық шаруашылық объектілерін дамытуға 16-қосымшаға сәйкес, аудандық және қалалық бюджеттеріне 1 230 445 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280;

07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

21. 2015 жылға тұрғын үй салуға 17-қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне берілетін бюджеттік кредиттер 1 086 375 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 20.05.2015 № 45-257 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

22. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджет қаражаты есебінен Жұмыспен қамту-2020 жол картасы шеңберінде ауылда кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету үшін 1 313 400 мың теңге кредиттер қарастырылсын.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 20.05.2015 № 45-257 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

23. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алуға республикалық бюджет қаражаты есебінен 18-қосымшасына сәйкес, аудандық және қалалық бюджеттеріне 1 498 074 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

24. Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыруға, ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөніндегі жұмыстарына, елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыруға 19-қосымшаға сәйкес 121 076 мың теңге көлемінде жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

25. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге республикалық бюджет қаражаты есебінен 20-қосымшаға сәйкес, аудан және қала бюджеттеріне 4 298 022 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

25-1. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерін ұстауға, 20-1 қосымшаға сәйкес, аудан және қала бюджеттеріне 32 601 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылсын.



Ескерту. Шешім 25-1-тармақпен толықтырылды - Алматы облыстық мәслихатының 20.05.2015 № 45-257 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

25-2. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте агроөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға республикалық бюджет қаражаты есебінен 20-2 қосымшаға сәйкес, аудан және қала бюджеттеріне 94 521 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 25-2-тармақпен толықтырылды - Алматы облыстық мәслихатының 20.05.2015 № 45-257 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

26. Алынып тасталды - Алматы облыстық мәслихатының 20.05.2014 № 45-257 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

27. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға республикалық бюджет қаражаты есебінен 22-қосымшаға сәйкес, аудан және қала бюджеттеріне 170 473 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері ескерілсін.

28. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте қоршаған ортаны қорғау және объектілерді дамыту жөніндегі шараларды өткізуге 415 989 мың теңге қарастырылсын.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 29.10.2015 № 49-280 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

29. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте автокөлік жолдарының қызмет атқаруын қамтамасыз етуге және көліктік инфрақұрылымды дамытуға 11 501 171 мың теңге қарастырылсын.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274; 29.10.2015 № 49-280; 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

30. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте облыс әкімдігі қаулысымен анықталатын, облыстық жергілікті атқарушы органының резервіне 654 506 мың теңге сомасы белгіленсін.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 29.01.2015 № 42-244; 20.05.2015 № 45-257; 27.08.2015 № 48-274 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

31. 2015 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалар тізбесі 23-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

32. 2015 жылға арналған аудандар мен қалалар бюджеттерін атқару процесінде 24-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайтын болып белгіленсін.

33. Аудан мен қала әкімдері облыс бюджетінің салықтар мен төлемдер бойынша болжамды көрсеткіштерінің толық және сапалы орындалуын, шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлық деңгейдегі бюджетке берешегін азайтуды және қосымша кіріс

көздерін табуды қамтамасыз етсін.

34. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың "Бюджет, қаржы және тарифтік саясат жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

35. Осы шешім 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Облыстық мәслихаттың  
хатшысы

Қ. Қожабеков

Е. Келемсейіт

Алматы облыстық мәслихатының 2014 жылғы " 12  
" желтоқсандағы "Алматы облысының 2015-2017  
жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" №  
40-225 шешімімен бекітілген 1 қосымша

## Алматы облысының 2015 жылға арналған облыстық бюджеті

**Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 07.12.2015 № 50-285 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Санаты		Сомасы
Сынып		‘
	Ішкі сынып Атауы	мың теңге
	I. Кірістер	281 933 952
1	Салықтық түсімдер	29 526 326
01	Табыс салығы	15 903 221
	2 Жеке табыс салығы	15 903 221
03	Әлеуметтік салық	12 470 625
	1 Әлеуметтік салық	12 470 625
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	1 152 480
	3 Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 152 480
2	Салықтық емес түсімдер	2 622 808
01	Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	136 267
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	105 566
	6 Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	6 500
	7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақы	24 201
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 324 164

	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 324 164
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	162 377
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	162 377
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	12 500
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	12 500
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	12 500
4		Трансферттердің түсімдері	249 772 318
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	61 044 845
	2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	61 044 845
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	188 727 473
	1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	188 727 473

Функционалдық топ			Сомасы , мың теңге
Кіші функция			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
		Бағдарлама	
		Атауы	
		II. Шығындар	291 692 627
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	7 073 354
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	4 829 682
	110	Облыс мәслихатының аппараты	54 311
		001 Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	53 281
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 030
	120	Облыс әкімінің аппараты	4 584 142
		001 Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 740 856
		004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	245 508
		007 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 710 843
		009 Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	21 350
		013 Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	156 648
		113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	708 937

	282	Облыстың тексеру комиссиясы	191 229
	001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	191 229
2		Қаржылық қызмет	318 252
	257	Облыстың қаржы басқармасы	284 734
	001	Жергілікті бюджетті атқару және облыстық коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	113 578
	009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	8 408
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 748
	028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	159 000
	718	Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы	33 518
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 280
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 238
5		Жоспарлау және статистикалық қызмет	1 841 137
	258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	1 841 137
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	205 075
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 352
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 626 710
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	84 283
	269	Облыстың дін істері басқармасы	84 283
	001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31 913
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 313
	005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	51 057
02		Қорғаныс	1 489 730
1		Әскери мұқтаждар	55 508
	120	Облыс әкімінің аппараты	55 508
	010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	23 628
	011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымындағы аумақтық қорғаныс	31 880
2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 434 222
	287	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	1 084 757
	002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	531 943
	004	Облыс ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	552 814

	271	Облыстың құрылыс басқармасы	349 465
	036	Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу	349 465
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	9 916 278
1		Құқық қорғау қызметі	9 893 245
	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	9 384 129
	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 426 167
	003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	6 000
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 862 763
	013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	89 199
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	509 116
	003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	509 116
9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	23 033
	120	Облыс әкімінің аппараты	23 033
	015	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	23 033
04		Білім беру	53 436 779
1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	5 845 950
	261	Облыстың білім басқармасы	5 845 950
	027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	5 845 950
2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	4 719 531
	261	Облыстың білім басқармасы	3 607 380
	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 014 119
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	952 153
	053	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	21 864
	061	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 619 244
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 112 151

		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	756 030
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	356 121
4			Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	6 997 044
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	343 735
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	343 735
	261		Облыстың білім басқармасы	6 653 309
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	6 653 309
5			Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	42 409
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	42 409
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	42 409
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	35 831 845
	261		Облыстың білім басқармасы	16 550 555
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	108 912
		004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	25 275
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	34 415
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	117 982
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	164 196
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу	303 820
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 317
		029	Әдістемелік жұмыс	172 429
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 463 060
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	14 159 149
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	19 281 290
		007	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттер	17 944 083
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 337 207
05			Денсаулық сақтау	58 782 203
	2		Халықтың денсаулығын қорғау	1 042 498

	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 042 498
	005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдауыштары мен препараттарын өндіру	649 710
	006	Ана мен баланы қорғау бойынша қызмет көрсету	238 986
	007	Салауатты өмір салтын насихаттау	152 812
	017	Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу	990
3		Мамандандырылған медициналық көмек	12 563 666
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	12 563 666
	009	Туберкулез, жұқпалы аурулар, психикалық күйзеліс және мінез-құлқының бұзылуынан, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты, зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	5 846 406
	019	Туберкулезбен ауыратын науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету	435 240
	020	Диабетпен ауыратын науқастарды диабетке қарсы препараттармен қамтамасыз ету	474 376
	021	Онкогематологиялық науқастарды химия препараттарымен қамтамасыз ету	142 844
	026	Гемофилиямен ауыратын науқастарды қанды ұйыту факторларымен қамтамасыз ету	895 251
	027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	2 034 377
	036	Жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	140 592
	046	Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету	2 594 580
4		Емханалар	36 197 624
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	36 197 624
	014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және балаларға арналған және емдік тағамдардың арнаулы өнімдерімен қамтамасыз ету	2 086 728
	038	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде скринингтік зерттеулер жүргізу	271 070
	039	Аудандық маңызы бар және ауыл денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмекті және амбулаториялық-емханалық көмекті халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетуі	33 117 270
	045	Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдетілген жағдайда қамтамасыз ету	722 556
5		Медициналық көмектің басқа түрлері	723 122
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	723 122
	011	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация	685 482

		029 Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	37 640
9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	8 255 293
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	3 328 249
		001 Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	68 692
		008 Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	500 430
		016 Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	5 000
		018 Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	210 249
		030 Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	3 900
		033 Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	2 539 978
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	4 927 044
		038 Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	4 927 044
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	5 405 568
	1	Әлеуметтік қамсыздандыру	2 778 835
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	2 050 012
		002 Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	496 793
		013 Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 028 571
		014 Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	119 985
		015 Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда) психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	404 663
	261	Облыстың білім басқармасы	650 332
		015 Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	592 785
		037 Әлеуметтік сауықтандыру	57 547
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	78 491
		039 Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	78 491
2		Әлеуметтік көмек	994 313
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	994 313
		003 Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	447 120
		Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Ұлы Отан	



		051 соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	546 853
		052 Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	340
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	1 632 420
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 528 298
		001 Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	98 488
		007 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 834
		017 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	12 519
		018 Үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	21 331
		044 Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	4 056
		045 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	247 353
		047 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	34 951
		053 Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	73 253
		067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	118 772
		113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	914 741
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	39 135
		077 Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	39 135
	268	Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	6 681
		045 Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6 681
	270	Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	58 306
		001 Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	58 306
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	33 333 177
	1	Тұрғын үй шаруашылығы	9 322 699
	251	Облыстың жер қатынастары басқармасы	1 498 074
		011 Аудандардың (республикалық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алуға берілетін нысаналы трансферттер	1 498 074
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 674
		047 Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	2 674
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	14 065
		Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді	

	043	мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	14 065
261		Облыстың білім басқармасы	14 519
	062	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	14 519
273		Облыстың мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы	15 448
	015	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	15 448
271		Облыстың құрылыс басқармасы	7 479 475
	014	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 529 249
	027	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	2 950 226
279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	296 554
	026	Көп пәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу	13 125
	039	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері	170 473
	042	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	112 956
285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 890
	009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 890
2		Коммуналдық шаруашылық	24 010 478
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	1 253 393
	013	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға арналған нысаналы даму трансферттері	1 230 445
	030	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	22 948
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	22 757 085
	001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	111 249
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 291
	010	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	7 268 726
	014	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға арналған нысаналы даму трансферттері	4 618 870
	030	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 209 948
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	353 133

		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	9 089 868
		114	Жергілікті бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	100 000
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	11 065 395
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	1 211 573
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	65 305
		016	Мәдениет объектілерін дамыту	65 305
		273	Облыстың мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы	1 146 268
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	401 528
		007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	303 212
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	441 528
	2		Спорт	7 004 756
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	1 330 058
		017	Спорт объектілерін дамыту	1 326 058
		034	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне спорт объектілерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 000
		285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	5 674 698
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	38 878
		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	121 106
		003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	4 419 256
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	289
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	176 918
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	918 251
	3		Ақпараттық кеңістік	1 181 219
		263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	868 284
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	868 284
		264	Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	80 225
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	41 577
		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	36 026
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 622

	273	Облыстың мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы	232 710
	009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	66 025
	010	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	166 685
4		Туризм	274 009
	284	Облыстың туризм басқармасы	274 009
	001	Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27 625
	004	Туристік қызметті реттеу	226 384
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	20 000
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	1 393 838
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	362 367
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	101 445
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	180
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	188 742
	114	Жергілікті бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттер	72 000
	273	Облыстың мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы	568 885
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет және мұрағат ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45 853
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 142
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	331 026
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	190 864
	283	Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	462 586
	001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	36 140
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 220
	005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	406 015
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	19 211
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	4 983 936
9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	4 983 936
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	136 000
	070	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	136 000

	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 847 936
	071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	4 436 564
	081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	411 372
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	25 791 705
1		Ауыл шаруашылығы	23 026 609
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	20 663 583
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	191 721
	002	Тұқым шаруашылығын қолдау	469 741
	014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	500 290
	016	Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық көшеттерін отырғызу және өсіруді қамтамасыз ету	131 388
	020	Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау	3 078 201
	021	Малды қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, ауыл шаруашылығы малын соятын алаңдарды, пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) ұстау және жөндеу	11 130
	029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	81 850
	030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	1 215
	041	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өндеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтотофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату	137 199
	045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	48 509
	046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	2 875
	047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	746 300
	048	Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өсіру	188 906
	049	Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау	163 891
	050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	534 387

		053 Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	14 133 220
		113 Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	242 760
	271	Облыстың құрылыс басқармасы	157 362
		020 Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	157 362
	719	Облыстың ветеринария басқармасы	2 205 664
